




ДАРАБОЗ

БҰЛ – ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ЖЕҢІСІ!



2

МЕГА
ЖАРЫЛҚАУ

4

ПАЙ
САЙ
ЕМЕС

АНА
БЕСІК
ЖЫРЫН
АЙТПАЙДЫ

5



БИРЖАМЕТР



МҮНАЙ (brent)

49,80



DOLLAR

339



EURO

385



РУБЛЬ

5,35

ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ

Полицей,
мүйіз қайда?



(Жалғасы 2-бетте)

БІЗДІҢ СҰХБАТ

БІЗГЕ ЖАНЫ АШЫМАЙДЫ



Қазақтың киелі жеріне келіп, нәпақа тауып жүріп, неге ор қазады? Неге шынайы әріптестік жұмысқа кіріспейді? Жолын жөндеп берсін. Мектеп құрылысына атсалыссын. Қазіргідей көзқараспен алысқа бармайды. Кейбір жерлерде ор қазғанда зираттың үстінен өткен дейді. Бұл да жергілікті халықтың ызасын тудырады.

(Толығырақ 3-бетте)

Билік



«Түркия президенті Р.Ердуанның Ресейге соңғы сапары екіжақты байланысты қалыпқа келтіру ғана емес, оны дамыту жөнінде де біздің толыққанды жұмыс жүргізуге ниетті екенімізді дәлелдеп берді. Сол үшін Сізге көп рахмет!». Ресей президенті Владимир Путин Мемлекет басшысына Сочи қаласында өткен кездесуде алғыс айтты.

Кездесу барысында мемлекет басшылары екіжақты ынтымақтастықтың кең ауқымды мәселелерін талқылады. Сондай-ақ өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты. Нұрсұлтан Назарбаев пен Владимир Путин G20, ТМД мемлекеттері басшыларының кеңесі және Қазақстан-Ресей өңіраралық ынтымақтастық форумы аясында өтетін алдағы кездесулерге дайындық барысын

ӨРКЕНИЕТТІ ТҮРДЕ ШЕШІЛЕДІ

қарастырды. Мемлекет басшысы Сочи қаласына шақырғаны үшін В.Путинге алғыс айтып, оның Ресей өңірлерін дамыту жолындағы қажырлы еңбегін атап өтті. Елбасы «Біздің қарым-қатынасымыз саяси тұрғыдан да, экономикалық тұрғыдан да үлгі етуге лайық деп санаймын. Осы жылдары Қазақстан мен Ресейдің 6 мың бірлескен кәсіпорны құрылып, интеграциямыздың өмірде нақты іске асқанын көрсетті. Алдағы Қазақстан-Ресей өңіраралық ынтымақтастық форумына үлкен үміт артамын. Оның экономикалық тұрғыдан маңызды кездесу екенін білемін. Осыған орай көптеген жобалар әзірленуде. Біздің міндетіміз — осындай қиын жағдайда әрдайым бірге болу және

бір-бірімізге көмектесу. Қазақстан мен Ресей сенімді көрші әрі әріптес болып саналады. Барлық мәселені өркениетті елдердегі үлгі бойынша шешеді. Ресейдің Түркиямен қарым-қатынасы жақсарып келе жатқанына қуаныштымын, — деді. Өз кезегінде В.Путин «Біз көптеген жылдар бойы бірегей ынтымақтастық қарым-қатынасымыз бен өзара іс-қимылымыз орныққан достас Түркиямен толық форматтағы қарым-қатынасты қалыпқа келтіруге риясыз ұмтылыс жасап отырмыз», — деп атап өтті. Бұдан бөлек, Ресей президенті екі ел арасындағы стратегиялық серіктестіктің барлық бағыт бойынша табысты дамып келе жатқанына назар аударды.

akorda.kz

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

Эльмира СЫЗДЫҚОВА, Рио Олимпиадасының қола жүлдегері:

«Олимпиадаға барған спортшының бәрі жеңімпаз атанғысы келеді. Алтынды көксем барады. Менің де чемпион болғым келді. Екінішке қарай, бұйырмады. Маған сенім артқан жанкүйерлеріме алғысым шексіз»

Ольга РЫПАКОВА, Рио Олимпиадасының қола жүлдегері:

«Мен осы жеңісіме де ризамын. 4 жыл бойы дайындалған еңбегім ақталды. Мен жүлдегермін»

ЕЛ МАҚТАНЫШЫ

Сөз-жебе

«Біз қазір басқа қоғамда өмір сүреміз. Ештеңені жасыру мүмкін емес. Интернет, әлеуметтік желі ресми билік органдарына қарағанда әлдеқайда жылдам назар аударады. Бүгінде біз осындай бәсекелі күресте ұтылып келеміз. Сондықтан барлығы әлеуметтік желілер мен интернетте жұмыс жасауды үйренуі тиіс»

Дариға НАЗАРБАЕВА, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары:

Бала – болашақ

Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев балабақшаларға бюджеттен қосымша 6 миллиард теңге бөлуді сұрады.

Министрдің айтуынша, мектепке дейінгі жеке ұйымдардың саны он есе өскен. Шамамен 2200 балабақшаға көбейген. Бұл «Балапан» бағдарламасының арқасында жүзеге асырылып отыр. Е.Сағадиев «Биыл біз тағы қосымша 30 мың орындық балабақшаға 6 миллиард теңге бөлуді сұраймыз», — деді. Сондай-ақ министр жеке балабақшаларға мемлекеттік тапсырыс мерзімін, бір жылға емес ұзақ уақытқа жасау мәселесінің қарастырылып жатқанын да айтты. Бұл өз кезегінде инвесторларды жігерлендіруге септігін тигізбек. Ал министрліктің мақсаты — балабақшаға кезекке тұру мәселесін толығымен шешу.

Балабақшаға 6 млрд теңге

Әлеумет.т⁰

MEGAжарылқау

Сонымен, Бірынғай зейнетақы жинақтау қорынан алынған 15 млрд теңге ойын-сауық орталығын салуға жұмсалады. Осы аптада Астанада Қазақстан Даму банкінің төрағасы Болат Жәмішев баспасөз мәслихатын өткізіп, «бұл, тіпті тиімді инвестиция», — деп аспандағы айды қолымызға ұстатты.

Естеріңізде болса, зейнетақы қорындағы қаражаттың ЭКСПО аумағындағы құрылыс нысандарына жұмсалатыны жұрттың ашуын келтірді. Оны Б.Жәмішев те біледі. Ал «ЭКСПО» туралы қайта-қайта айта беру қисынсыз. Салынып жатқан баспана, ойын-сауық орталықтары ЭКСПО нысаны емес. Бұл үлкен туристік жоба», — деді. Жалпы осындай түсініксіз жұрттардың кесірінен соңғы кезде қарапайым халық ЭКСПО-ны бүкіл қаражатты қылғытып жұтатын, батта-шағаның несібесіне де ортақтасудан жүзі жанбайтын жеті басты тойымсыз өңеш кейінде көретін болды. Бұған кім кінәлі? Қит етсе, «ЭКСПО» деп жалаулатып, көрмені сүйкімсіз етіп көрсетудің астарында қандай саясат бар? Ол жағы белгісіз.

Белгілісі қарапайым халықтың зейнетақы қорында жиналған ақшасы жеке бизнеске жұмсалатыны. Бір кездері Мәжіліс депутаты Нұртай Сабиліянов сауда-саттықпен айналысатын МЕГА орталықтарға субсидия бөлуді тоқтатуды сұрады. Соған қарамастан кәсіпкер, Нұрлан Смағұловтың тағы бір жеке бизнесіне қаржы сұрап отыр. Астанадағы Mega Silk Way ойын-сауық орталығының құрылысын бітіру үшін бар-жоғы 15 млрд теңге керек екен. Оны «Бәйтерек Девелопмент» холдингі алады. Ал «Бәйтеректің» қайдан алатынын өздеріңіз де білесіздер. «Бәйтерек» демекші, жуырда ғана газетімізге сұхбат берген Мәжіліс депутаты Омархан Өксікбаев аталған холдинг

қыруар қаражатты тиімсіз пайдаланғанын айтты. Елімізге сырттан әлеуетті инвестор іздеудің орнына, қарызға белшесінен батқанын нақты санмен келтірді. Ал Ұлттық Банк төрағасы Данияр Ақышев үнсіз. Үндемегені қолдағаны ма?

Зейнеткерлер ақшасының қайдағы бір «Сауда, ойын-сауық орталығын» салуға жұмсалғанын қаламайды. Бірақ салымшының келісімін сұрап жатқан ешкім жоқ. Экономист Азамат Жолдасбеков зейнетақы жинағы мемлекетке емес, халыққа тиесілі. Сондықтан жиналған қаржыны қалай пайдалану керектігін халық шешуі керек деп есептейді. «Қартайғанда ол ақшаға ешкім сенім артып, иегі қышымауы үшін осы кезге дейінгі жинақталған ақшаның қайда жұмсалғаны туралы жариялау керек шығар» деді ол әлеуметтік желіде ашынып.

Ал Болат Жәмішев өз әрекетін екінші деңгейлі банктер ауқымды жобаны қаржыландыра алмағандықтан, осы мәселемен айналысуды жөн көрді деп түсіндіреді. Оның айтуынша, қарыз 15 жылға алынған. Банк Бірынғай жинақтау зейнетақы қорынан несиені 15 пайызға алып, акционерлік қоғамға 16,5 пайыздан беріп отыр.

Банк төрағасы «Менің ойымша, бұл сенім артуға болатын қаржы салымы. Зейнетақы қорындағы қаржы инвестиция болуы тиіс. Егер инвестициялық кіріс келтірілмесе, онда ақша құнсызданады», — деп сөзін түйіндеді. Бірақ бізде ненің қалай құнсызданатынын уақыт дәлелдеп жүр.

Жалыра ШАМУРАТОВА, журналист

Айтарым бар

Айдар ӘЛІБАЕВ, қаржы сарапшысы:

«Зейнетақы қорынан бөлініп жатқан 15 млрд теңге ел экономикасының дамуына ешқандай маңызы жоқ құрылыс нысанына бөлінуде. Менің ашық ақпарат көздерінен түсінгенім, «Бәйтерек» Ұлттық басқару холдингі болмаса оның бір бөлімі, Қазақстан Даму банкіне барады. Банк оны қолдап, қаржы аударады. Ал қаржы ретінде жұмсалған зейнетақы активтері EXPO аумағындағы ел экономикасының дамуына маңызы жоқ жекеменшік сауда ойын-сауық орталығын салуға жұмсалуда. Мен бұл инвестицияның маңызын түсінбедім»

Мектепке жол

Төрт Айша мектепке барады

ҚЫЗЫҚТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ

Полицей, мүйіз қайда?

Батыс Қазақстан облысының тәртіп сақшысы өткен жылы браконьерлерден тәркіленген ақбөкеннің 100 мүйізінен айырылып қалды.

Күдіктілерден тәркіленген 149 мүйіздің, іс бойынша тек 49 қалған. Бұл туралы time.kz хабарлайды. Қалған мүйіздің қайда екені белгісіз. Ал тәртіп сақшысы кінәсін мойындамай, бұл іске қатысты мәлімдеме беруден бас тартты. Сот барысында, оның кінәсі толықтай дәлелденіп, екі жарым жылға бас бостандығынан айырылды. Сонымен қатар мүлкі тәркіленіп, өмір бойына мемлекеттік қызметтен шеттетілді.

Туғанда бар-жоғы бір келіге жетпеген қыздар бүгінде ата-анасының қолқанаты. almaty.tv хабарлауынша, төрт қызға әжесі Бекайша, Жанайша, Нұрайша және Гүлайша деп ат қойған. Төртемнің әкесі Есентай

Қапардың айтуынша, қыздарының киім-кешегі дайындалп, тіпті құжаттарын №137-ші Мағжан Жұмабаев атындағы мектепке тапсырып қойыпты. Олар енді бір мектепте әрі бір сыныпта оқиды.

Біздің сұхбат

(Басы 1-бетте)

Жас казак: Айдос Әмірәллаұлы, Жер комиссиясының соңғы отырысында Ақмола облысындағы неміс кәсіпкері Роберт Шумахердің 67 шақырым жерді қазып тастағаны туралы ой қозғадыңыз. Түсінуімізше, бұл мәселемен қазіргі таңда Ауыл шаруашылығы министрлігі айналысып жатыр. Осы аптада сол неміс кәсіпкерінің бір топ өкілі баспасөз мәслихатын өткізіп, не үшін ор қазғанын түсіндіріпті. Олардың айтуынша, жергілікті барымташылардан қорғану үшін осындай шара қолданыпты. Бұған қатысты Сіз не айтасыз?

Айдос Сарым: Біріншіден, бұл — қазақ жері. Екіншіден, біздің бабамызда қазып тастау деген дәстүр болмаған. Жан-жақтан ор қаза беру экологияға да зиян. Өйткені жел тұрып, жауын жауса, жер құнарлығы шайылып кетеді. Осы әрекетінен-ақ оның жерге деген қарым-қатынасын көріп отырмыз. Шын мәнінде, жаны ашитын адам олай істемейді. Ертенгі жағдайды ойлап отырған жоқ. Бүгінгі нәпакасын тауып қалса болды. Ұрпағымызға не қалады? Жердің өнімділігі сақтала ма? — деген сияқты мәселені олайтын адамға ұқсамайды.

Жас казак: Жергілікті тұрғынды барымташылар деп айыптап отыр.

Айдос Сарым: Жұртпен келісімге келіп жұмыс істеуге болады. Алматы облысында талай қалталы азаматты білеміз. Ор қазбай-ақ, керісінше жағдайын жасап, тіршілігін жүргізіп отыр. Елімізде қанша адамның жері бар. Олардың бәрі қазып тастаса, несі қалады. Шетелдік азамат осынша жерді қалай иеленді? Ол кезінде азғантай ғана жерге иелік еткен. Кейін бәрінің акциясын сатып алған деседі. Қорғалжын қорығының қасында екен. Ол жерде «Қызыл кітапқа» енген түрлі құстар бар. Бұл мәселе бойынша Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ерлан Нысанбаев, прокурордың бас көмекшісімен сөйлестім. Қазір тергеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Прокуратура 19 тамыз күні тергеу нәтижесін айтады. Мен хабарласып біліп, сіздерге де хабар беремін.

Жас казак: Роберт Шумахердің нақты қанша жері бар? Немен айналысатынын зерттедіңіздер ме?

Айдос Сарым: 28 мың гектар жері бар. Әкімдіктен құжатын алдырдық. Суреттері де бар. Құжатқа қарасаң, айналыспайтын шаруасы жоқ. Негізі, шетелден инвестор келсе, тың идеямен, соңғы үлгідегі техникасымен келеді делі. Ал Шумахердің әдісі — ортағасырлық технология. Кезінде феодалдар жерін қоршап

«Шумахер болашағын ойлау керек. Бала-шағасының, ұрпағының. Қараш-қараш оқиғасы қайталануы мүмкін. Ашыққан, зардап шеккен адам кез келген қадамға баруы ықтимал». Саясаттанушы, жер комиссиясының мүшесі Айдос Сарым газетімізге берген сұхбатында осындай ойымен бөлісті.

жатаын. Бірақ Англия сияқты алпауыт елдер мұндай әдістің қайда аппаратыны кезінде бастан кешкен. Шумахер болашағын ойлау керек. Бала-шағасының, ұрпағының. Қараш-қараш оқиғасы қайталануы мүмкін. Ашыққан, зардап шеккен адам кез келген қадамға баруы ықтимал. Комиссия құрамында болған азаматтармен сөйлескенімізде, олар да басында қиындық болғанын айтады. Шөбін отап, қорасын өртеп кетіп жатыпты. Бірақ кейін жергілікті тұрғындар нәпакасын бірлесіп жұмыс істегенде табатынын түсінген. Осылай ымыраға келіп, Шумахер де

шаруашылығы министрлігі жанынан «Агроқешен саясаты» деген комиссия құрылған болатын. Менің білуімше, заңнаманы даярлауға қатысты жұмысты сол комиссия атқарады. Алайда басқа да кешенді жұмыстар бар еді. Соның барлығын Жер комиссиясымен келісіп отырып жасау керек еді. Оны шенеуніктерге тапсырып отыр.

БІЗГЕ ЖАНЫ АШЫМАЙДЫ



Айдос САРЫМ

мәселенің бетін ашты. Бұл жерде ешкім ұтылған жоқ. Керісінше бірқатар ұсыныс айтылып, талай мәселенің түйіні шешілді. Ақмола облысының өзінен жерге қатысты қандай проблемалар көтерілді. Осындай жұмысты басқа да салада жүргізуге болатынына көзіміз жетті. Қоғаммен, үкіметпен жұмыс істеудің еш айыбы жоқ. Ал сатқындық мәселесіне келетін болсақ, әр адамның өз ойы, қиялы болады. Ұлтшылдардың арасында да әсіреопозицияшылар бар. «Үкіметпен ешқашан, еш уақытта мәмілеге келуге болмайды. Бірігіп жұмыс істеу, мәмілеге келу қылмыс. Бұл үкіметті тек қирату керек. Сол кезде ғана мақсат орындалады», — деп жүрген азаматтарға мәселенің шешілгені қажет емес. Шынына келгенде, халықтың, қоғамның мәселесін шешу бәріміздің түпкілікті мақсатымыз. Комиссия жұмысы соның дәлелі. Бірлесіп жұмыс істегеніміздің арқасында нәтижеге қол жеткіздік. Шетелдегі көптеген азаматтың қиялы орындалмады. «Берекесі қашады, әлсірейді» деп отырғандарға нақты жауап берілген сияқты. Қазақ ерекше ұлт екенін, қиын қыстау кезде бірігіп, мәселе шеше алатынын дәлелдеді. Бірақ тағы бір апта жұмыс істеп, 50 бөлімнен тұратын құжат әзірлеп соған қол қойып кету керек еді. Ертен заңнама



time.kz

Осы жерде қателік жіберген сияқты. Негізі, жұмысымызға көңіліміз толды.

Жас казак: Кейбіреулер ұлтшылдардың үкіметпен бірлесе жұмыс істеуін сатқындыққа балап отыр. Осыған қатысты не айтар едіңіз?

Айдос Сарым: Бүгінгі күнге дейін шенеуніктерде менмендік басым болды. «Біз жақсы білеміз, түсінеміз» деген сарында әңгіме айтатын. Осы комиссияның отырысы көп

дайындағанда шикілік болмауы үшін. Менің ойымша, шекарадан 50-60 шақырымға дейін жер жалға мүлдем берілмеу керек. Ертен үкімет 10-20 шақырым деп бекітсе, тағы әңгіме шығуы мүмкін. Осындай мәселе көп. Егер де соның бәрін бірден реттеп алса, алдағы уақытта мәселе туындамайды.

Сұхбаттасқан
Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ

Мәселе

Жер комиссиясы ауыл шаруашылығы жерлерінің пайдаланылуы туралы мәліметтерді толықтыру мақсатында қолданыстағы мораторий мерзімін бес жылға дейін ұзартуды ұсынды. Сонымен не керек, үш ай бойы бірнеше өңірді аралап шыққан комиссия өз жұмысын аяқтады. Десек те, комиссияның жасаған жұмысы мен оның соңғы шешімі әлеуметтік желіде әлі де болса қызу талқылануда. Көпшілік қауым жерді жалға немесе сатуға 5 жыл мораторий жарияланғанына қуанышты болса, кейбір азаматтар «комиссия жұмысында ұлтшыл азаматтар ештеңе жасаған жоқ» деп сынап жатыр.

АЙЫПТАУШЫЛАРДЫҢ
АЙТАРЫ НЕ?

Шын мәнісінде, ұлтшылдарды айыптауға соңғы шыққан нәтиже себеп болып отырған жоқ. Жұмыс тобы басталмай тұрып Үкіметтің жанынан құрылған Жер комиссиясына сын айтушылар болған еді. Әйтпесе, Мұхтар Шаханов бастаған, Айдос Сарым қолтаңған комиссия қыруар жұмыс жасады. Десек те, Мұхтар Тайжанды айыптап, оның

кемшілігін айтып жатқан азаматтар да жоқ емес. Мәселен, Геройхан Қыстаубаев Мұхтар Тайжанның халық пен Президентке алғыс айтқанын «жағымпаздық» деп бағалап отыр. Бір қызығы, соңғы кездері Г.Қыстаубаев пен М.Тайжан бірін-бірі қаралауды әдетке айналдырып алды. Кімнің — ақ, кімнің — қара екенін уақыт көрсетеді.



болды. Сондықтан да Зәуреш Батталованың қоғамдық ұйымдар мен қызығушылық танытқан азаматтар комиссия жұмысына қатыса алмады деген сыны негізсіз.

АЛАШТЫҢ
ӨЗІ ЫМЫРАҒА
БАРДЫ

Біздің кейбір

азаматтар үкіметпен келісімге келіп, жұмыс жасауға әрекет еткен азаматтарды сынап жатады. Ал кезінде Алаш арыстары «өздері жек көрген» (Ә.Бөкейханның сөзі — СЖ) бірақ «мойындаған» Кеңес үкіметімен ымыраласып жұмыс жасаған болатын. Бір қызығы, белсенді азаматтарымыз Тәуелсіз елдің Үкіметімен бір үстелге отырып жұмыс жасауға әрекет етсе, оны сатқындық деп есептейтін жандар баршылық. Егер алаштықтар 1919 жылдан кейін большевиктерге өкпелеп, көрпені тас бүркеніп жатып алғанда, біз әлі күнге дейін Ресейдің боданы болып отыратын едік. Өйткені, алашордашылар

қиын жағдайда қалғаннан кейін Кеңес үкіметін амалсыздан мойындап, Қазақ елінің шекарасын заңдастырып алды. Бұл — бір. Екіншіден, олар саяси тәсілді тиімді пайдаланып Кеңес үкіметінің мүмкіндіктерін қазақ халқының сауаттандыру мен мәдениетін көтеруге бұра білді.

Келісейік, келіспейік, жер комиссиясы билік пен ұлтшылдардың ымыраласып жұмыс жасай алатынын дәлелдеді. Оның үстіне комиссия отырыстарында бұған дейін биік мінберден айтылмаған өткір пікірлер айтылды. Мысалы, жиындарда жер мәселесінен бөлек тіл, білім беру, дін мәселесі сынды көптеген проблема ортаға салынды. Ең бастысы, жер мәселесі халықтың мүддесіне сай шешілді. Сондықтан да айыптаушылардың сыны Алаш арыстарын айыптаған азаматтар сияқты қисынсыз болып қалады. Мұны бізге Алаш тарихы дәлелдеп берді.

Серік ЖОЛДАСБАЙ,
журналист

ТАҚЫРЫПҚА ТҮЗДЫҚ

Дос
КӨШІМ,
саясаткер:

— Комиссияның жерді жекеменшікке беруге 5 жыл мораторий жариялау ұлтшылдардың жеңісі болды деп есептеймін. Егер комиссияда ұлтшыл азаматтар болмаса халықтың мүддесіне қайшы шешім шығып кетуі әбден мүмкін еді. Сондықтан да мен жер мәселесінде «ұлтшылдар жеңіске жетті» деп ойлаймын. Себебі біз әу баста жер мәселесін бір жақты шешеміз, не болмаса 5 жылға мораторий жариялауға күш саламыз деп алдымызға мақсат қойдық. Сол мақсатымызға жеттік. Ал кейбіреулердің «жер мәселесі бойынша айыпталған азаматтарды құтқарып қала алмады», — деп бізді айыптауы дұрыс емес. Өйткені, біз әр комиссия отырысында Макс Боқаев пен Талғат Аянның мәселесін көтеріп отырдық. Сондықтан да халық алдында арымыз таза деп нық сеніммен айта аламын.



Сондай-ақ белгілі саясаткер Зәуреш Батталова «билік өз айтқанымен жүретін адамдарды тандап алды», — деп сын айтып жатыр. Біздің ойымызша, Мұхтар Шаханов, Оразәлі Сәбден, Дос Көшім, Айдос Сарым, Жанұзақ Әкім сынды қайраткерлер Батталова айтқандай биліктің айтқанымен жүріп, айдауына көне қоятын азаматтар емес. Себебі аты аталған тұлғалар өзінің кім екенін жер комиссиясынан бұрын да сан мәрте дәлелдеген болатын. Сондықтан да Зәуреш Батталованың «билік өз айтқанымен жүретін адамдарды тандап алды» деп қара аспанды төндіруі қисынсыз.

Сондай-ақ ол қоғамдық ұйымдар мен басқа да қызығушылық білдірген азаматтар комиссия жұмысына қатыса алмағанын айтады. Шын мәнісінде, саясаткердің бұл пікірімен келісу қиын. Өзінен бастап, ЖСДП төрғасы Жармахан Тұяқбайға дейін жер комиссиясының мүшесі болды. Алайда партия басшысы бірде-бір рет жинғыға қатысқан жоқ. Ал өзін «ЖСДП өкілімін» деп таныстырған Серікбай Әлібаев сауатты ұсыныс жасаудың орнына партияның абыройын айрандай төкті. Жалпы, Серікбай Әлібаев сияқты кез келген адамның комиссия отырысына қатысып, пікір білдіруіне мүмкіндігі

«ҰЛТШЫЛДАРДЫ КІНӘЛАУ НЕГІЗСІЗ»

Алматы
қаласы



Социалистік
REALIZM

Орақ пен
балға әлі тұр

Суретті түсірген
Талғат ЖАНЫСБАЙ

4




«ЖАС ҚАЗАҚ» КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

КӨКШЕТАУ

www.jasqazaq.kz
[E-mail: jas_qazaq@l.ru](mailto:jas_qazaq@l.ru)



Өзге өңірді қайдам, солтүстіктегі ат төбеліндей шағын ауылдардың тағдыры қыл үстінде тұр. Кешегі ит басына ірікіт төгілген кеңес заманында да кесегесі көгергені шамалы еді. Онда да болашағы жоқ деген желеумен талай ауылдар тарап кеткен. Қазір жұрты ғана жатыр. Өтпелі кезеңнің өкпек желі де талай елді мекенді жұтып қойды. Ендігі жерде Алаштың алтын бесігі – ауылдарды сақтап қалу маңызды мәселеге айналып отыр. Осы мәселеге орай «Жас қазақ» газеті өткізген конференцияға Жақсылық Ақтан, Асылбек Есмағамбетов, Совет Балтабаев тәрізді ел ақсақалдарымен бірге облыстық мәслихаттың депутаты Нартай Ысқақов қатысып, өз ойын ортаға салды.

Жас қазақ: Көбіміздің ауылға ұзақ уақыт ат ізін сала алмай жүретініміз рас. Сіздер, ауылды еске алып, жиі барып тұрасыздар ма?

Жақсылық Ақтан: Біздің ауыл қаладан 35 шақырым жерде. Бүгінде ауылда 154 үй түтін түтетіп отыр. Мал шаруашылығын дамытып, 680 жылқы, 560 қара мал және қой-ешкі өсіреді. Санын айтып отырғаным, осынша малға жайылатын жер керек. Ауыл тұрғындары малдың қыстық азығын жинау мен жаздық жайылым жағынан таршылық көрмеуі керек. Ал қазір ол жерге сырттан келген инвесторлар иелік етуде. Олар жерін жыртып, егінін егіп өз қалтасының қамын ойлайды. Қарапайым халыққа тек жер үлесі үшін пайын ғана береді. Онысы үшін оларды кінәлай да алмайсың. Бір отбасында 5 адам болса, ол үйге 1,5 тонна астық беріледі. Біздің ауылда солай. Басқа ауылдың егін егетін адамдары елдің малының санын есепке алып, оларға қанша жер керектігін қадағалайды.

Жас қазақ: Нартай Жұматайұлы, пай туралы толығырақ айтып берсеңіз. Ол неге әр ауылда әртүрлі?
Нартай Ысқаков: 2003 жылы қантардың бірінен бастап күшіне енген заң бойынша халық өзіне тиесілі жерді белгілі бір жауапкершілігі шектеулі серіктестікке беріп, жерден алған өнімінің үлескері болды. Мысалы, 10 миллион тенге табыс тапқан болса, салық төлегеннен кейінгі қалған қаржының 20 пайыздайын жер иелеріне бөлініп берілуі керек. Бірақ ол әлі орындалып жатқан жоқ. Жұртқа егін бітік шықса да, нашар шықса да, жыл сайын бірдей мөлшерде пай беріледі. Ал пайдың заң жүзінде қанша берілуі керектігін ешкім есептемейді. Ол үшін пайдың әр жылғы үлесін есептейтін арнайы тексеру комиссиясы құрылуы керек. Ол комиссия серіктестіктің шығыны мен кірісін тексергені жөн. Қазіргі жасап жатқандары халықты алдау. Мысалы, «Зеренді-Астық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі үлкен холдингтың құрамына кіреді. Ол холдинг бұларға жанар-жағармайын беріп, керек-жарағымен қамтамасыз етеді. Бірақ мұның бәрін қымбат бағамен жасағандықтан, серіктестіктің табысын азайтып отыр. Сондықтан, пайдың мөлшері әр жерде әртүрлі. Осыны бір жобаға келтіру керек. Зеренді ауданында пайды біркелкі қылып, бір гектар егістікке 40-50 келі арпадан берісін деп келіскен едік. Бұл халықтың бұрынғы алып жүргенінен еләуір жоғары десек те, азық етеді.

Пайдың әр жерде әртүрлі болуы жер көлеміне байланысты. Айталық, 1993-1994 жылдары ауыл шаруашылық жерлері жекешелендірілгенде жерді совхоз халқының санына байланысты бөлді. Сондықтан, жер көлемі бірыңғай емес. Сарыөзек ауылының жері аз, халқы көп болуына байланысты алатын пайы да төмен.

Бұрын жұрттың көбі жерін «ҚазЭкспортАстық Холдингі» акционерлік қоғамы сияқты ірі холдингтерге беруге тырысатын. Ол холдингтердің пайы да жоғары, экономикасы да жақсы еді. Бүгінгі күні олардан гөрі жекеменшік жер иелерінің жағдайы жақсы. Зеренді ауданында 10 мың гектарға дейін егін егетін адамдар бар. Болашақта холдингтерге қараған ауылдардың тұрмысынан жеке кәсіпкерлерге қараған ауылдардың жағдайы жақсы болуы мүмкін.

Жері үшін пай алатын Зеренді мен Сандықтау аудандары ғана. Зеренді ауданының 45 пайызы және Сандықтау ауданының 69 пайызы үлескерлердің жері болып есептеледі. Басқа аудандарда пайдың мәселесі мүлде жоқ деуге болады. Жердің бәрі не жекеменшікке өтіп кеткен, не болмаса мемлекет қарауына алынған. Сосын үлескерлік жерлер қазіргі күні өте тиімсіз. Мысалы, банктен несие алғын келсе, әр жер иесінің қолын жинауын керек. Кейбір жер иелері ауылдарынан көшіп кеткен. Оларды басқа қалалардан іздеп жүріп, қол қойдырып, не үшін несие алғалы жүргенінді айтып, түсіндіруін керек.

Ауыл тұрғындары үшін ең абзалы кәсіпкерлікті дамыту. Әсіресе, шағын ауылдарға кәсіпкерлікпен айналысқан жөн. Соның ішінде мал шаруашылығын дамыту керек.

Мен ауылға барған сайын тұрғындардың жағдайы келсе, қалаға көшіп кеткісі келетінін көрем. Бәрі тек қаржы жинап алып, кетуге дайын тұрады.

«АУЫЛЫМ АЛТЫН БЕСІК БОЛМАЙ ТҰР»

Жас қазақ: Кейбір адамдардың туып-өскен ауылын тастап, үдере көшудің сыры неде?

Нартай Ысқаков: Бәрінің арманы қалаға бару. Өйткені қалада барлық жағдай жасалған. От жақпайды,

«ЖАС ҚАЗАҚ» КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@l.ru

үшін кепілдік керек. Ешқандай мал-мүлкін болмаса, оны да ала алмайсың. Егер несиені алу жолдарын жеңілдетіп, ол адам мал өсіріп, үйін жақсартып алса, ауылдан ешқайда кетпейді.

Жас қазақ: Өткен жолы газетімізде Батыс Қазақстан облысында Жанакала ауданында жергілікті жұрт балдыр «ішіп» отырғандығын жаздық. Біздің өңірде ауыз су мәселесін шешу жолы қарастырылып жатыр ма?

Нартай Ысқаков: Бүгінде ауылдың шетіне келіп, көз салып қарасаң, адамдар таннан кешке дейін су тасиды. Кім тұрғысы келеді ондай жерде. Бүгін кішкентай ауылға су тартқаннан, миллиардтап ақша бөлінетін жобаларды жүзеге асыру оңай. Халықтың санына қарайды. Сен бәленше ауылға су құбырын тарт дейсің, ол жерде бас-аяғы 500 адам тұрады дейді. Бір ауылға су тарту 500 миллион тенге тұрады. Адам басына бір миллионнан шығып тұр. Мен мынау Қызылсая, Сәкен Сейфуллин ауылдарына қанша жыл су тартсам деп жүрмін. Бірақ мүмкіндік барған сайын азайып барады. Өйткені, халық кетіп жатыр. Ал су тарту қымбаттауда. Бұрын 150 миллион болса, қазір 590 миллион тенге болып кеткен. Оны аудан мен облыстың бюджеті шеше алмайды. Мемлекеттік деңгейде қаралуы керек. «Ақбұлақ» деген бағдарлама арқылы істеуге болар еді. Бірақ ол бағдарлама бойынша суды үйдің ішіне кіргізу керек. Ол жағдайда бағасы тағы да қымбаттай түседі. Сонымен, бұл



керек деген түсінік болмау керек. Өздері содан қажыған. Ал жағдайын қаладағыдай жасап алуға бара қоймайды. Бұл бірінші мәселе болса, екінші мәселе ауыл мен қаланың арасындағы жолдың нашарлығы. Екі ортада журу қиямет. Мысалы, Омбы қаласының тұрғындары 40 шақырым жердегі жаңға жайлы, ауасы таза саяжайда тұрады. Жұмысына еш кедергісіз барып келеді. Ал мына тұрған Бірлестік, Сәкен Сейфуллин ауылдары 30-35 шақырымда орналасқан.



Нартай ЫСҚАҚОВ:

«Жұртқа егін бітік шықса да, нашар шықса да жып сайын бірағай мөлшерге пай беріледі. Ал пайдың заң жүзіне қанша берілуі керектігін ешкім есептемейді»

Біздің жолмен күн сайын қатынап көрініз. Өзіңіз қиналып, көлігіңіз қирайды. Бағдарламалардың өзі қала халқына негізделіп жасалған сияқты. Қазір көптеген жақсы-жақсы мемлекеттік бағдарламалар бар. Өттен, солардың дені қала халқының ғана жағдайы үшін жұмыс істеп тұр. Мәселен, тұрғын үй коммуналдық саласын жаңғырту бағдарламасы қаладағы ескі үйлерді қайта жөндеу үшін үй иесіне ешқандай девальвациясыз 10-15 жылға қаржылай көмек береді. Осындай бағдарламалар ауыл тұрғындарына да керек. Олар да үйін жөндеп алсын, жағдайын жақсартсын.

Ауыл тұрғындары үшін «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы бойынша несие беріліп жатыр. Бастапқыда 3 миллион тенге еді. Қазір оның да ақшасы азайып қалды. Бірақ соны алғанша жұрттың діңкесі құриды. Ол

бағдарлама шағын ауылдар үшін жарамсыз болып қалды.

Зеренді ауданында Дөңгілағаш, Қараөзек, Биіктесін, Қызылағаш, Жанатілек сияқты кішкентай ауылдар бар. Ол ауылдарда бір-бір скважинадан ғана бар. Оның басында біреуі кеп малын суарып жатса, екіншісі ауыз су алып жатады. Осыған жанын ашиды. Ауылға екінші скважина қазу үшін қыруар қаржы керек. Оны облыстық бюджет аудандық бюджеттің көмегімен жүзеге асырындар дейді. Ал ауданда соқыр тиын да жоқ. Ауданда ақша бүгін ғана емес, бұрыннан жоқ. Үлкен ауылдардың мәселесін шешу жеңіл. Мысалы, Астананың түбіндегі Қоянды ауылында бағында 5 мың адам болған. Бүгін халқының саны 120 мыңға жетті. Әрине, оларға су тарту да, құдық қазу да жеңіл. Ондай ауылдар өркендей береді. Ал кішкентай ауылдар құрып бара жатыр. Сондықтан, мұндай ауылдарға арналған бағдарлама ойлап табу керек. Ауылдан көше берсе, Егіндікөл ауданы сияқты болып қалады. Ол ауданның халқының саны 6200. Оның жартысы мемлекеттік қызметкерлер. Жеріне 300 мың гектар ғана егін етеді. Ол жерде ешқашан кәсіпкерлік дамымайды.

АУЫЛДА ЖАСТАР ЖОҚ

Жас қазақ: Ауылды жерде мал өсіру үшін «Сыбаға», «Алтын асық», «Құлан» сияқты мемлекеттік бағдарламалар бар. Халыққа несие береді. Жақсы жеңілдіктері де бар. Бұл жерде халық неге жұмыс істемейді, неге енжар деген сұрақ туындайды.

Нартай Ысқаков: Себебі ауылда жастар жоқ. Ең жас дегені 40-45-те. Оларға қазір түк керек жоқ. Балаларын қалай оқытамыз деп алаңдап отырған адамдар. Өйткені, ауыл мектептері жабылып жатыр. Бастауыш мектеп болуы үшін 5 оқушыдан кем болмауы керек. Енді өзіңіз ойлап көріңіз. Қақаған қыста, бораған боранда кішкентай баланы күн сайын 15 шақырым жердегі көрші ауылға тасу оңай ма? Не оқу оқымайды, не ұйқысы қанбайды, не тамақ ішпейді. Еленовка ауылына көрші Қарай ауылының балаларын таңғы алтыда алып кетеді. Оларды апарып тастап, екінші ауылдың балаларын сағат жетіден әкеледі. Сөйтіп, таңғы 6-7-де барған бала екі сабақ үшін кешке дейін жүреді сол мектепте. Соны білетін әке-шешесі баласын қаңғырттып қоя ма? Қалаға көшеді де кетеді. Ал негізгі мектеп 41 баладан кем болса, бастауыш мектепке ауыстырады. Көкшетауға тиіп тұрған Дөңгілағаштың өзінде биыл 37 оқушы бар. Сол үшін мектептерін жабамыз деп жатыр. Мектеп жабылса, ауыл да көшеді.

Денсаулық сақтау саласыда мәз емес. Бір медбике стандарт бойынша 800 адамға қызмет ету керек. Біздің бір ауылда да 800 адам жоқ. Сол үшін ауылдардағы медпунктерді жабу керек дейді. Мектеп болмаса, алда-жалда ауырып қалсаң, ем-шара көрсетіп, екпе егетін медбике болмаса, ондай жерде кім тұрақтайды?


Еуропаның кейбір елдерінде әр 3-4 шақырым сайын хуторлар бар. Айналасы екі-үш үй ғана отырып, мал шаруашылығымен айналысады. Өте қолайлы. Біздің ауылдар да сондай хуторлар іспетті ғой. Анау тұрған Биіктесін ауылын алайық. Малыңды шығарып, жайып жібер. Қандай рахат. Бірақ олай болуы үшін ауыл мен екі ортадағы жолды қыс бойы тазаламаймыз. Қарға көміліп жатқаны. Осының бәрі ауылдардың құрып бітуіне алып барады. Біздің облыстық мәслихатта ауыл шаруашылығы комиссиясы бар. Мен соның төрағасымын. Осы комиссияның



іс-сапарымен Атбасар ауданының «Бастау» атты жауапкерлігі шектеулі серіктестігінде болдық. Ол облыс бойынша мал өсіруден көш басында тұр. Бірақ ол жердің 1200 халқы бар болғанымен, жекеменшік малы өте аз. Бүгін серіктестіктің шаруасын дөңгелетіп отырғанымен, ертең ол серіктестіктің экономикасы тұралап қалса, халқы кедейшілікке ұрынады.

«КООПЕРАЦИЯНЫ ҚАЙДАМ, АҒАЛЫ-ІНІЛІ БІРГІП ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙДІ»

Нартай Ысқаков: Ауылдағы шаруа қожалығын біріктіру үшін кооперация құру керек деген сөзді көп естимін. Оны қалай біріктіресің? Бір ауылда тұрған ағалы-інілі екеуі бірікпейді. Оны біріктіру үшін міндетті түрде экономикалық тетік керек. Қазір заң қабылданды, бірігіндер, істендер деген құрғақ сөз жүрмейді. Кооператив құрса, оған жеңіл несие беру керек. Халықты ынталандыру керек. Сосын бірігіп, техника сатып алатындай мүмкіндік жасаған дұрыс. Мысалы, облысымызда субсидия алу арқылы 185 кооператив ашылды. Ауылда қара мал ұсақталып кетті ғой. Енді соны асылдандыру үшін жақсы бұқа алуға үкімет 154 мың ақша береді және қожалықтағы 30 сиыр сол бұқадан шықса, әр бұзауға 18 мың теңгеден ақша төлейді. Енді ауылдағы бүкіл малды кооперативке жазып, араларынан бір жігітті басшысы қылып сайлап, ол текті бұқа алса. Ауылдағы 400 сиырдың бәріне 18 мыннан ақша түседі. Міне, осыны біз Зеренді ауданында бастап едік, қазір облыс бойынша жақсы дамып келеді. Мұның кәсіпкерлікке ешқандайда қатысы жоқ. Бұл үкімет тарапынан беріліп отырған субсидия. Мұның көмегімен ауылдағы мал асылданады. Бірақ мұның да кем тұстары бар. Ауылдағы ағайын бұқаның етті тұқым екендігін айтып, ал оларға сүтті тұқым керек деп шағымданыпандары да бар. Сол үшін сүтті тұқымды бұқа ауыл үшін субсидия берілсе екен. Енді кооперативтер ашылса да, қара халықты осы жерде де алдап кеткісі келетіндер бар. Малыңыз кооперативте ме, оны бағу үшін бақташыға төленетін ақшаны да кооператив төлеу керек. Бірақ бізде ол жүзеге асып жатқан



жок. Осы жөнінде маған шағымдар түсіп жатыр. Ол алдағы уақытта шешілетін шаруа.

«СИБЫРҢ КӨРГЕНДЕ СЕНДІМ»

Жақсылық Ақтан: Сіз айтып өткен хуторды мен Финляндиядан көрдім. 3-4 үй ғана тұрады екен. Олар сегіз сиыр ұстайды. Сол сегіз сиырмен қаланың бір ауданын сүтпен қамтамасыз етеді. Бір сиыры күніне 80 литр сүт береді. Басында сенбеп едім. Сиырын көргенде сендім. Желіні қазандай. Сиырлары ырғатылып,

желінін сүйретіп әрең жүреді. Ал жайылым жері өте кішкентай. Оның өзін 12 вольттық сыммен жетіге бөліп тастаған. Бүгін бір бөлігінде жайылса, ертең екінші бөлігінде оттайды. Сөйтіп, бір айналып келгенше, бірінші күні оттаған жері қайта жайқалып тұрады.

Асылбек Есмағамбетов: Мен өзім басқарған ауыл туралы айтайын. Ол жерде ешкім де бірлесіп жұмыс істемейді. Ондайға келіспейді. Өйткені, ертең олар несие алады, оны бөліп алу керек, төлеу керек, өтеу керек. Осы жағына келгенде бір жағадан бас, бір женнен қол шығара алмайды. Бірақ ел ішіндегі кәсіпкерлерді көбейтуіміз керек. Соны қолдау керек. Баратайда



46 белорусь тракторы, оннан аса жүк көлігі бар. Оның бәрі жұмыс істеп тұр. Қазір жер мәселесі шешіліп жатыр. Мынау Баратайда инвестор жоқ. Жеріне егін себілмей тұр. Ол жер кәдімгі боз болды. Халық шауып алып жатыр. Ал ертең инвестор табылып жатса, ол жерге егін егіледі. Халық малын бағатын, шөбін шабатын бір гектар жер қалмайды. Баратай ауылында 360 бас жылқы, 440 бас қарама, 1200-дей қой бар. Осыларға үкімет нормасымен есептесек, 6260 гектар жер керек. Баратайда барлық жері 5500 гектар ғана.

Біздің ауылда бір адамға 4 гектар үлес келеді. Жеріміз «Еленовка-Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде. Олар гектарына 600-700 тенге ғана береді. Көрші Ақан ауылында да солай. Есептей берініз. Олардың пайы 3500 теңгедей ғана. Бұл маскара ғой! Сондықтан да жұртты пайға жауғанда тып қоймай, ол жерге мал өсірсек, техника алсақ, елдің жағдайы жақсарар еді. Ел ішіндегі жігіттер өссе, техникасы болса, ертең жолды тазалайды, су да тарталы. Қазір Ақан мен Баратайда мал алып, үйлерін жөндеп, техника сатып алып жатқан жігіттер бар. Олар да барынша тырмысып жатыр. Солар өсе бергенде жерін алып қойсақ, тамырына балта шабылады.

Нартай Ысқаков: Жерді сақтап қалу үшін шаруа қожалығын ашу керек. Егістік алқабына қалай да егін егілу керек. Егер егілмесе, ол адамға 10 есе артық салық төлетеді. Сол үшін сіздер болмасаңыздар, ертең басқа біреу келіп, егін егеді. Мен Алматы облысы Панфилов ауданының бір азаматының әңгімесін

айтайын. Оның жері тастақ екен. Жыл сайын жер жыртыққаннан кейін жалдамалы өзбектерді жіберіп, егіс алқабынан 10 тонна тақ жинайды екен. Сіздер құнарлы топыраққа ештеңе еккілерін келмейді, басқалар тау мен тасқа егін егуде. Мемлекет егістік алқабын ешқашан бөз қалдырмайды. Бүгін болмаса ертең инвестор табылып жерінді жыртып, егінін егіп тастайды. Сол кезде өкінбеу үшін бүгін қимылдап шаруа қожалықтарын ашып алыңыздар. Ауылдарыңыздың ертеңін ойласаңыздар, бұдан басқа жол көріп тұрғам жоқ.

Конференцияны жүргізген Байқал БАЙӘДІЛОВ

ИГІ БАСТАМА

Бала мектепке дайын

Ақтау

қаласындағы

№14 мектепте өткен шарада Тұңғыш

Президент қоры атынан 200 балаға мектепке қажетті сөмке мен керек-жарақтар табысталды. Қайырымдылық шарасына аталған қордың бас маманы Гүлнар Ершіманова мен облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Айжақсы Тұржанова қатысты.



Қор мамандары акция аясында еліміздің жеті аймағында болып, әлеуметтік жағынан аз қамтылған, тұрмысы төмен, көпбалалы отбасылардың балаларына мектепке қажетті сөмкелер мен басқа да керек-жарақтар үлестірді. Г.Ершіманова «Бұл — дәстүрге айналған игі шара. Жақында Атырау облысында болып кайттық. Бүгін, міне, Ақтау қаласындамыз, ертең Жаңаөзен, Форт-Шевченко қалаларына барып, оқушыларды мектепке қажетті құрал-жабдықпен қамтамасыз етеміз. Жалпы, Маңғыстау облысы бойынша 500 балаға көмек көрсетілетін болады. Мұндай игі шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады, — дейді.

Жастар жұмыспен қамтылды

Маңғыстау

облысында техникалық

және кәсіби ұйымдар (ТҚҰ) түлектерін жұмыспен қамтамасыз ету көрсеткіштері өсуде. Бұл туралы облыстық білім беру басқармасы хабарлады.



Бүгінгі таңда аймақта техникалық және кәсіби бағыттағы 26 (15 мемлекеттік, 11 мемлекеттік емес) оқу мекемесі бар. Өткен жылы мемлекеттік Тұпқараған гуманитарлық-техникалық колледжі мен мемлекеттік емес «Келешек» Маңғыстау көппрофильді колледжі ашылды. Кадрларды дайындау 85 мамандық және 135 біліктілік бойынша жүргізіледі. Онда оқып жатқандардың жалпы саны - 23314 адам. Оның 60 пайызы (13 мың 850 студент) мемлекеттік колледжде, 40 пайызы (9 мың 464 студент) мемлекеттік емес колледжде білім алады. Студенттің 80 пайызы жұмыспен қамтамасыз етіледі.

Тігін фирмасы ашылды

Маңғыстау

облысының Мұнайлы

ауданына қарасты Басқұдық ауылында 165 шағын кәсіп иесі тұрақты жұмыс жасап, жергілікті тұрғындарын жұмыспен қамтып отыр.



Олардың қатары енді тігін фирмасымен толықты. Қазақы ою-өрнекпен безендірілген көрпе-төсек, қоржын мен ыдыс-аяқ қаптары, құрақ жастықтар дайындайтын тігін фирмасында 12 адам жұмыс істейді. Тігін фирмасы заманауи технологиямен жабдықталған. Құрал-жабдықтар арнайы тапсырыспен шетелден алынған. Айына 20-25 қыз жасауын дайындайтын фирма алдағы уақытта мемлекеттік тапсырыс негізінде жұмыс жасауға ниетті.

Венера МИРЛАН

Орайы келген сұхбат

Жас қазақ: Сіз кезінде лауазымды қызметте болдыңыз. Қалалық білім басқармасын басқардыңыз. Бүгінде Оңтүстік Қазақстан облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Аналар кеңесінің төрайымысыз. Айтарлықтай айырмашылықты сезініп жүрсіз бе?

Балкия Көмекбаева: Әрине. Білім саласы жанымға жақын мамандық қой. Оның үстіне талай жылымды білім саласына арнадым. Ал Аналар кеңесінің жүгі ауырлау ма деп қалдым. «Жәй ғана кеңесші» деп аталынғанымен, ел бірлігі, татулық пен қоғамдық келісім, этномәдени бірлестіктермен қоян-қолтық жұмыс істеу дегеніңіз, шын мәнінде, үлкен жауапкершілікті талап етеді. Қаншама жобаның бойына қан жүгіртуіміз



«**Ата-ана баласының немен айналысып жүргенін қадағалауы тиіс. Ол – тауар емес қой, мектепке «өткізе» салған. Өз баласы, өз ұрпағы. Демек, көп жағдайда ата-ана жауапкершілігі шеттеп қала береді**»

керек. Жалған, құрғақ ұранмен алысқа бара алмайсың. Мұндайда сөз бен істің бір жерден шығып, мақсатынның орындалуы үшін ала-шапқын болып жүгіруін керек. Телефонмен шешілетін мәселе емес. .

Жас қазақ: Сіз, әрине, шапшаңдықты, жеделдікті сүйетін адамсыз. Оны білеміз. Аналар кеңесінің атқарған іс шаралары туралы сұрайын деп отырмын. Бірақ Сіз кешіріңіз, әрине, өз басым санды «сөйлетіп», пәленбай іс атқарылды, осынша іс атқарылмақ» деген жалпақ тілді ұната бермейтін едім.

Балкия Көмекбаева: (Күлді) Иә, иә, санды сөйлетуге келгенде алдына жан салмайтын басшылардың бар екенін мойындаймын. Бірақ өзіңіз ойлаңыз, өмірдің өзі саннан тұрады, қараңыз: «біздің отбасымызда алты бала тәрбиеленіп келеді!» дегендей. Халық та саннан құралады. Демек, сіз ұната қоймасаныз да айтайын, Шымқалалағы Аналар кеңесі құрамында қоғамдық бірлестіктер, сондай-ақ басқа да ұйымдардың өкілі, барлығы 20 мүшесі бар. Облыстағы аудандар мен ауылдық округтер бойынша тізбелесем, жергілікті кеңес мүшелігіне 1130 ардақты ана қабылданды.

«Мәселе осымен ғана тына қалды», — деп ойламаңыз. «Саны бар да сапасы жоқ» деген сөзді жаным қаламайды. Жұдырықтай жұмылып, бір максатқа сап түзедік екен, енді ассамблея белгілеп берген бағдарламаны алға сүйреуіміз керек шығар? Бұл мәселеде



«Сәбиіне бесік жырын айта алмайтын, келініне дәстүріміздің озық үлгісін насихаттай білмейтін аналарымыздың бар екені шындық. Өкінішке қарай, қазір бесік жырын айтатын аналар азайып кеткен. Оның орнына сылдырмақты сылдырлатып, үй ішін тыныштандырып, бесік тербетумен ғана өз «миссиясын» аяқтайды». Оңтүстік Қазақстан

облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Аналар кеңесінің төрайымы Балкия Көмекбаева сұхбатында осылай деді.

екі бетім қызарып, ұялатын жағдайда емеспін. Мәселен, жуырда ғана Шымкентте «Ана тәрбиесі — ұрпаққа аманат» тақырыбында форум өтті. Мұнда отбасылық құндылықты нығайту мен оны сақтай білуге көп мән берілді. Шынымды айтайын, сәбиіне бесік жырын айта алмайтын, келініне дәстүріміздің озық үлгісін насихаттай білмейтін аналарымыздың бар екені шындық. Баласын балабақшаларға тастай салып, жұмыс басты болып кеткен ата-аналардың ар-ұятын ояттық ба, ой салдық па, ол жағын форумға қатысқандар бағалай жатар. Менің айтайын дегенім — ұрпағына ұлттық дәстүрдің озық үлгісін сіңіргісі келетін



жас-ата-аналардың көп екендігі көз қуанышыма айналды.

Жас қазақ: Кешіріңіз, уақыт шіркін қайта айналып, өзіңіз жас келін кейпіне келсеңіз, бесік жырын айтар ма еліңіз?

Балкия Көмекбаева: Айтқанда қандай! «Бөпем менің ай ма екен? Шекер ме екен, бал ма екен?»

Ойнақтап бір бәйгеден Озып келер тай ме екен?! Тас бұлақтар тауда екен, Жас құрақтар сайда екен. Көлбең-көлбең ұшатын Көбелектер қайда екен?»

— деп әндетер едім! Бесік жырын тындап өскен ұл мен қыз отанының патриоты болып өспейді ме? Өкінішке қарай, қазір бесік жырын айтатын аналар азайып кеткен. Оның орнына сылдырмақты сылдырлатып, үй ішін тыныштандырып, бесік тербетумен ғана өз «миссиясын» аяқтайды...

Жас қазақ: Өзіңіз білесіз, қазіргі балалар «ақырзаманның балалары». Әрине, күйінген ата-аналардың тілімен айтқанда. Жасөспірімдер арасында қылмыс дегеніңіз, өршіп тұр. Сіз басқарып отырған Аналар кеңесі тарапынан қандай іс-шаралар атқарылды?

Балкия Көмекбаева: Рас айтып отырсыз. Боямасыз шындық. «Пәлен мектептің оқушылары арасында атыс болыпты!», «Түген колледждің оқушылары жаппай төбелесіпті...» деген жайсыз хабарларға да етіміз үйреніп кеткендей ме? Осы жерде өз пікірімді айта кетейін: көбіне жұрт мұғалімдер мен оқытушыларды кінәлап жатады. «Тәрбие бермейді, балаларымызға қарамайды, бәрі бетімен кеткен...» дегендей. Бұл жерде мәселе екі жаққа да бірдей. Алдымен, ата-ана баласының немен айналысып жүргенін қадағалауы тиіс. Ол — тауар емес қой, мектепке «өткізе» салған. Өз баласы, өз ұрпағы. Демек, көп жағдайда ата-ана жауапкершілігі шеттеп қала береді. Бұл дұрыс емес,

бармағымызды тістейтін жағымыз да бар. Бесіктен белі шықпай жатып, анайы сипаттағы бейнелерді интернеттен іздейтін жасөспірімдерге ата-анасы «әй!» дей қоймайды. Тіпті немен айналысып, нені «тамашалап» жатқанында жұмысы жоқ. Есесіне: «біздің бала жігіт болып қалыпты!» деп көңіл маркайтатындар да бар. Әрине, көпке топырақ шашуға тағы болмайды. Жасөспірімдердің бәрі жеңілтек, өмірге көзқарасы өзгеріп кеткен деп айта алмаймын. Десек те, жеңілтек қыздар теріс тәрбие қайығында тербетіліп жүріп, қалай жүкті болып қалғанын сезбей де қалады. Сосын барып, ар-ұяты «ояна» қалады. Нәтижесінде, жана туған шақалағын коқысқа тастап кете барады. Өкінішті-ақ. Біздің өңірде де мұндай сұмдық жағдайлар бірнеше рет қайталанды. Айтуға ауыз бармайды. Дәулетті, бақуатты отбасылардың ұл-қызының өзі осындай қадамға барып жатады. Демек, жеңіл жүрісті қыздардың қылығын бағалағанда, әлеуметтік жағдайына баса назар аударғанымыз жөн емес деп ойлаймын. Сондықтан, Аналар кеңесінің қатысуымен «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі» тақырыбы аясында Түркістан қаласы мен Қазығұрт, Отырар, Төле би аудандарында тәрбиелік мәні зор кездесулер өткізілді. Иә, бірді-екілі кездесулермен жастар жеңіл жүрістен тыла қалмайды. Бұл мәселеде бүкіл ата-ана, қоғамдық ұйымдар болып, күресуіміз керек.

Жас қазақ: Біраз әңгіменің басын қайырған сияқтымыз. Дегенмен, қандай маңызды мәселе айтылмай қалды деп ойлайсыз?

Балкия Көмекбаева: Біз әңгіме еткен жайдың бәрінің де маңызы зор. Соның ішінде оқ бойы озық тұратын мәселе жөнінде айтар болсам, ұлтаралық бірлік пен татулықты жастардың бойына сіңіру. Патриоттық сезімі жоғары ұрпақты тәрбиелеудің орны бөлек. Татулық бар жерде береке бар, бірлік бар. Құдай Сирияның, мынау Ауғанстанның бетін аулақ етсін. Кешегі болып өткен лаңкестік оқиғалар ел есінде. Бірақ тарих шаңында қалып кетсе екен деп тілеймін, енді қайталанбасын! Осы мақсатта да біраз жұмыс атқарылды. «Ырыс алды — ынтымақ», «Біз Қазақстанның біртұтас халқымыз!» сияқты кездесулер алдағы кезде де жалғасын таба бермек.

Жас қазақ: Сіз бен біз көптің көкейінде жүрген көкейтесті мәселелерді қозғалдық. Рахмет сізге!

Балкия Көмекбаева: Елімізге тыныштық тілеймін! Тек тыныштық...

Әңгімелескен
Мұхтар ШЕРІМ



АЙМАҚ

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Бәрекемді

Биыл жарты жылдың ішінде Алматы облысында 121 103 млн теңге кіріс түскен. Бұл жоспарлы межеден 12 пайыз көп. Алматы облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің қызметкерлері 14 тамыз күні төл мерекелеріне орай осындай мәліметпен бөлісті. Салтанатты жиынға құқық қорғау мен мемлекеттік ұйымдардың басшылары, қаржы, кеден және қаржы полициясының ардагерлері және «Нұр Отан» партиясы Алматы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиасқар Сарыбаев қатысты. Жиында осы салаға еңбегі сіңген қызметкерлер марапатталды.



Жалпы Салық және кеден қызметінің тарихы 1991 жылдан басталады. Тәуелсіздік алғаннан кейін ел қоржынына түсетін салықты есептеп, бір жүйеге түсіру мәселесі кезек күттірмеді. Іле бұл мәселенің жүйесі енгізіліп, оны бақылайтын орган пайда болды. Осы жылдар аралығында салық және кеден органдары бірнеше рет қайта құрудан өтті.

Тәуелсіздік жылдары Алматы облысы айтарлықтай табысқа жетті. Жылдан-жылға бюджет түсімі тұрақты түрде ұлғаюда. Биылғы жылы да сол жүрісінен таймады. Департаменттің барлық құрылымдық бөлімшелерінің тынғылықты жұмысының арқасында бюджеттің барлық деңгейінде салық пен кедендік төлемдер түсімі қамтамасыз етілді.

2016 жылдың бірінші жартыжылдығында жоспар бойынша, мемлекеттік бюджетке түсетін кірістер мөлшері 107 547 миллион теңге болса, бюджетке 121 103 миллион теңге түсім

түсті. Яғни жоспар 112,6 пайызға асыра орындалды. Жоспардан тыс 13 556 миллион теңге түсті, оның 6451 миллион теңгесі республикалық бюджетке, 7 104 миллион теңгесі жергілікті бюджетке тиесілі. Департаменттің экономикалық тергеу қызметі Елбасының «100 нақты қадам» ұлт жоспарының бірнеше аспектілерін жоғары деңгейде орындаған. Мәселен, ұлт жоспарында айтылатын құқық қорғау мәселесі, заңды құрметтеу деңгейін көтеру, оның ішінде құқық қорғау, адам құқығының аяқасты болмауы, заңдылықтарды қатаң сақтау сияқты мәселелерде ауыз толтырып айтарлықтай



Департамент қызметкерлері салауатты өмір салтын тұрақты түрде ұстанады. Биылғы жылдың шілде айында Алматы облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің командасы қалыптасқан дәстүр бойынша мемлекеттік қызметкерлер спартакиадасына бильярд, волейбол, мини-футбол, үстел теннисі мен шахмат жарыстарына өз мүшелерін қатыстырған. Аудит басқармасының бас маманы Ә.Дүйсебаева әйелдер арасында шахмат жарысында үшінші орынға иеленді.

Сонымен қатар Тәуелсіздіктің 25 жылдық мерейтойына орайластырылып «Өркен» спорт кешенінде департаменттің құрылымдық бөлімшелері арасында «Шағын футболдан» Спартакиада өтті.

Бірінші орынды экономикалық тергеу қызметінің командасы ұтып алды. Кілкілдетіп кірісті санап отырған департамент қызметкерлерінің айтуынша, олардың кәсіби мерекесі — атқарылған жұмыстың қорытындысын шығаруға, келешек жұмыстарды жоспарлауға, еңбек сіңірген жұмысшыларға алғыс айтуға, жас мамандардың жұмысын бағалауға мүмкіндік береді.

Мерекелі шарала ең үздік облыс әкімінің құрмет грамоталарымен, алғыс хаттарымен марапатталды.

Салтанатты жиын құқық қорғау органдары арасында «Шағын футбол» турнирімен жалғасты.



жаңалықтары бар. Биылғы жылдың 6 айында Экономикалық тергеу қызметімен 411 экономикалық қылмыс анықталды, оның ішінде 321 қылмыстық іс аяқталды, 239 сотқа жіберілді, 82 тоқтатылды. 2016 жылдың 1 жартыжылдығында аяқталған қылмыстық істерден 5,3 миллиард теңге шығын анықталды, оның 2,5 млрд теңгесі бюджетке өтелді.



Қызмет



Алакөлде демаламын десеңіз...

Мәселен, биылғы жылы жергілікті бюджет қаржысы есебінен 21 миллион теңгеге Акши ауылынан демалыс аймағына дейінгі автокөлік жолы құрылысының жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленіп, құрылыс жұмыстары басталды. Қазіргі кезде Алакөл көлінің жағалауындағы Акши ауылы мен демалыс орнының аралығындағы жолды қайта жөндеу жұмысы жүргізіліп жатыр. Автожолдың жалпы ұзындығы 23,78 шақырымды құрайды. Жобаның құны 3,036 млрд теңге. Жоспарға сәйкес 2017 жылы аяқталуы тиіс.

Сонымен қатар жыл сайын Алакөлде тынығушылардың саны артуына байланысты биылғы жылы да «Жетіген-Достық-Жетіген» бағытындағы маусымдық теміржол катанысына



Алматы облысында жыл басынан бері туризм саласынан 2 млн теңгеге жуық түскен. Бұл өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 115,9 пайызға артық. Мұндай мәліметті жергілікті туризм басқармасы хабарлады. Алакөл көлі өңірдегі ең танымал тынығу орындарының бірі – болғандықтан, онда демалушыларға қажетті жағдай мен инфрақұрылым жүргізу басым бағыт болып отыр.

жергілікті бюджеттен 65,6 миллион теңге субсидия бөлінді.

Алакөл ауданының басшылығы көл жағалауының санитарлық тазалығын сақтау бағытында тұрақты жұмыс жүргізіп келеді. Осы мақсатта Ырғайты ауылдық округінде 10 адам, 6 арнайы техникасы бар «Үшарал-Көркейту» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің филиалы құрылды. Алакөл жағалауында, Акши және Көктұма ауылдарының аралығында арнайы контейнерлер орнатылған. Сондай-ақ жыл сайын Алакөл жағалауының санитарлық жағдайын жақсарту және сауықтыру мақсатында жергілікті тұрғындар арасында түрлі акциялар өткізіліп, бұл іске «Жасыл ел» жасақтарынан еріктілер тартылады.

Жоспар

«Жетісу» ӘКК» ҰҚ» акционерлік қоғамының өкілдері, егіншілік және өсімдік шаруашылығы зерттеу институтының мамандары, аудандық ауыл шаруашылығы бөлім басшылары, агрономдар және бірқатар шаруашылық өкілдері қатысқан жиында тұқым өндіру мәселесі туралы ақылдасты. Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Сексенбай Бекішов Елбасының тапсырмасын орындау мақсатында облыс әкімі Аманжол Баталовтың қолдауымен бірқатар іс-шараларды ұйымдастырғанын, нәтижесінде биылғы жылы қант қызылшасының көлемі 6809 гектарға жеткенін айтты.

Кезінде еліміздің 70 пайызын қантпен қамтыған Алматы облысы соңғы жылдары тәтті түбір өсіріп, өнім дайындауда жетістігімен қуанытып жүр. Қант қызылшасын өсіру алқаптарын ұлғайтып, зауыттарды жөндеуден өткізгелі бері бұл саланың тамырына қан жүгірді. Енді, тіпті тұқымды шеттен алуды да қоятын кез келетін сияқты. Бұл туралы облыстық ауыл шаруашылық басқармасының басшысы Сексенбай Бекішов мәлімдеді.

Тәтті түбір тұқымы өзімізден



Айтуынша, облыс әкімдігі тарапынан қант қызылшасын сепкен шаруашылықтарға биыл да қолдау көрсетілуде. Тұқым сатып алуға жергілікті бюджеттен қаражат бөлініп, 6100 гектар егістік алқапқа «Жетісу» ӘКК» ҰҚ» акционерлік қоғамы арқылы Франция, Германия елдерінен тасымалданған тұқымдар себілді. Осы ретте шаруашылықтарға берілген тұқым күзгі өнім есебінен қайтарылмақ. Ал қалған 712 гектар алқапқа «Қамқорлық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тұқымы пайдаланылды.

Облыстық ауыл шаруашылық басқармасы басшысының айтуынша, бүгінгі таңда өңір үшін ең маңызды мақсаттардың бірі — тұқым шаруашылығын жолға қою болып отыр. Өйткені, тұқымды шеттен әкелу қомақты қаржыны қажет етіп отыр.

Сексенбай Бекішов «Қазіргі таңда сатып алынатын Франция, Германия мемлекеттері тұқымдарының сапасы өте жоғары екендігін мойындауымыз керек. Алайда мұндай қымбат тұқымдарды жыл сайын сатып ала беруге шаруашылықтардың шамасы жете бермейді. Сол себепті біз бұл бағытта шетелдерге тәуелді болмай, өзіміздің отандық өнімді өндіруді мықтап қолға алуымыз керек», — деді.

Мамандардың айтуынша, бізде тұқым өндіруге мүмкіндік көп. Мәселен, осы саланың жілігін шағып, майын ішіп жүрген Панфилов ауданындағы «Қамқорлық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің базасынан сапалы әрі толерантты отандық өнім өндіруге болады. Аталған серіктестіктің директоры Әлен Жолдасов отандық тұқымның артықшылығы жайлы айтты. Оның пікірінше, бұл тұқым түрлі зиянкесте төзімді әрі климатқа мейлінше бейімделген. Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының бас директорының орынбасары Шынболат Рысқалиев пен «Жетісу» ӘКК» ҰҚ» акционерлік қоғамы азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорын басқару департаментінің директоры Қуаныш Тоғайбаев сөз алып, тұқым шаруашылығы туралы пікірін білдірді. Айтылған пікірлерді мұқият тыңдаған Сексенбай Бекішов бұл туралы облыс әкімі Аманжол Баталовқа жеткізетінін айтты.



Уағдаластық

Қалдық та кәдеге жарайды

Талдықорған қаласында түрлі қалдықтарды өңдейтін «Эко-Сервис-Арман» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жұмыс істейді.

Кәсіпорын директоры Гулнар Мадыбаеваның айтуынша, жобаның құны 250 миллион теңгені құрайды. Инновациялық жоба халықаралық стандартқа сәйкес шикізатты қалдықсыз өңдейді. Кәсіпорынның жобалық қуаты күніне 50 тонна қалдық өңдеуге қауқарлы. Зауыт резенке, пластик, қағаз, медициналық қалдықтар, тіпті мал өлекселерін де өңдеп, олардан газ, кара май, жанар-жағармай, техникалық көміртегі мен жартылай кокс өндіріп шығара алады. Бұл өнімдердің бәрін қайта өндіріске қолдануға мүмкіндік мол. Тіпті өңдеу жұмысынан кейінгі күйінен өзі баспаханаларда бояу ретінде қолданылады. Сондықтан оған да сұраныс бар.

Зауыт мұржасынан түтін мен зиянды заттар шықпайды. Себебі шикізат жанғанда одан шығатын түтін пеш ішіндегі катализаторда, арнайы дайындалған су басқынында сүзіліп қалады. Сондықтан сыртқа тек ақ түтін мен бу ғана шығады. Мұнда әзірге 30 адам жұмыс істейді. Зауыт толық қуатына шыққанда жұмысшылар саны тағы да толығырақ түспек.



Бетті дайындаған Шынарғұл ОҒАШБАЙ

**Ақын ғаріп емес пе,
Байды өтірік мақтаса.
Заман ғаріп емес пе,
Әділеттен аттаса.**

Жамбыл ЖАБАЕВ



РУХАНИЯТ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



7

Байқау

Алматы облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ермек Келімсейіт Жамбыл Жабаев шығармашылығы мен оның қазақ әдебиетіндегі орны туралы баяндама жасап, оның есімін ұлықтау кейінгі ұрпаққа міндет екенін айтады.

Ермек КЕЛІМСЕЙІТ, облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы:

— Әдебиеті мен мәдениетін ұлттық қасиет деп санайтын елімізде тарихи тұлғалардың есімін ұрпаққа дәріптеу, оның рухани өміріне көңіл бөлу — біздің басты мақсатымыз, — деді ардагерлер ұйымының төрағасы.

— Жасынан өлең-жырға бөленіп, анасы Ұлданның ақындық талантын бойына сіңірген, айтыс өнерінің алыбы Жамбыл атамыз Сүйінбайдай саңлақ ақыннан тәлім-тәрбие алды.

Сүйінбай өткен екен бұл өмірден,
Қара өлеңнің жаңғағын дара шағып, — деп арындап келіп;
— Ұйқасы ұлылықпен құрықталған,

«Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» деп Абай айтпақшы, Талдықорғанда ардагерлер арасында ақындар мүшәйрасы өтті. Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына және Жамбыл Жабаевтың 170 жылдығына арналған жыр сайысына Алматы облысының 15 аудан 3 қаласынан 36 үміткер қатысты. Олар өз жырларын тәуелсіз елдің жасампаз халқы мен жүз жасаған абыз ақын ұлы Жамбылға арнады. Мүшәйра талабы бойынша, қатысушылардан Жамбыл ақынға арнау өлең және еркін тақырыпта бір өлең қабылданған. Нәтижесінде 10 ақын жүлдегер атанып, ақшалай сыйлықпен марапатталды.



Атақты Токтағұл, Мұратәлі, Балық, Тыныбек сияқты дүлдүлдермен өнер сайысына түсіп, «Манас», «Ер Төстік» эпостарын жырлап, халықтың ілтипат, ықыласына бөленді. Өзінің жүз жыл өмірінің сексен бесін өлең-жырмен өткізіп, ғасыр жасаған ақынның;

— *Өтірікті сүймедім,
Дүние үшін күймедім.
Алтынына біреудің,
Жолда жатса тимедім,* — деген өлең жолдарынан оның халық қадір тұтқан, ел қасиеттеген құндылықтарды ардақтап өткенін байқаймыз.

«Жамбыл — менің жай атым, халық — менің шын атым», — деп Жамбыл өз бағасын өзі айшықтап кеткен ақын. Олай деуге себеп: «Асып тұрған ақылым жоқ. Жер тесіп кеткендей шешендігім жоқ. Біліп тұрған білімім жоқ. Оқымаған кісімін. Әйтсе де байқаймын, халық көп біледі. Менің білімім сол халықтың білгендері. Мен халықтың сөзін айттым» — деп кішірейгені ұлылықтың біз біле бермейтін ғажап бір қыры.

Жамбыл арқылы қазақты әлем таныды. Оның өлеңдері дүниедегі елуден астам елдің тіліне аударылды. Бір миллион жол өлеңді жатқа білетін, бір айтқан шумағын екінші қайталамайтын, шапанын сілкіп қалса, ұйқас саулайтын кара шалдың құдіреті де осында.

Ахмет КЕНДІРБЕКҰЛЫ, қазылар алқасының төрағасы, ақын:

«Біз әділқазылар алқасы келіп түскен барлық өлеңдерді мұқият

Сақалына аппақ болып тұныпты арман.
Қазақта Жамбыл ғана, Жамбыл ғана,

Сүмбіледей жарқырап тұрып қалған, — деп баба рухын асқататып жіберді. Сексеннің сенгіріне шыкса да, шынайы көңілімен жыр толғаған ақын әжеміз **Гүлжауен МҰҚАЕВА**:



— Жырға бөлеп байтақ қазақ даласын,
Жұлдыз болып, мәңгі сөнбей жанасын.
Айтыстың дауылпазы — Жамбыл баба,

Шыққанда ақын жолға алыс,
Қайтпаған екен меселі.
Аңыз емес, бұл шындық,

Жолбарысы болыпты.
Сол жолбарыс-мәңгілік,
Ел төріне қоныпты! — деп Жамбыл туралы тың ақпарды өлеңмен кестелейді. Ел бірлігі, татулығын сөз еткен Панфилов ауданының ақын **Ислам-Ғали ҮРКІМБАЙҰЛЫ**:

— *Ей, Көк Түріктің әулеті!
Жат болып кеттің неге сен?
Рухыңмен рухымды келіп жебе сен!*

Бабалар қайда, ағалар қайда ардақты,
Әзілін айтар, қайда жүр көркем жеңешем?
Жат болып кеттің,
Жат болып кеттік неге біз?
Төртеу түгелде көкке тиетін төбеміз.
Бауырларым-ау, тіліміз сәл-сәл бөлектеу,
Болғаныменен,
Бір еді қаққан шегеміз, — дейді.

Орыс тілінде жазылған өлеңдерімен Жамбылдың ақындық қасиетін, абыройын асқатқан Текелі қаласының ардагер ақыны жетпіс жастағы **Светлана КНУРЕНКО** туралы айтып өту ләзім.

— *Звучит домбра-заслушась природа,
А степь узнала голос земляка.
Поэт Джамбул, акын, сын своего народа,*

Посланец Мира, гордость на века, — деген шумақтармен басталған өлеңінде Жамбылдың ленинградтықтарға арнап жазған «Ленинградтық өренім» өлеңіне терең бойлап, сан ұлт пен ұлыс мекен еткен Қазақстанның дарқандығы, даралығына азаматтық үн қосады. Светлана Кнуренконың өлеңінде асқақ рух, арынды шабыт, үлкен парасат көрініп тұрды.

Байқауға қатысқан ардагер ақындардың өлеңдері «Жыр арқауы — Ұлы Жамбыл» деген атпен жинақ

болып, басылып, жиналған көпшілікке таратылды. Мүшәйра барысында Алматы облыстық Сүйінбай атындағы филармонияның әншілері Арафат Ыскаков пен Кенже Ақжолова халық әндерінен шашу шашып, жиналған жұрттың қошаметіне бөленді.

Мүшәйраға қатысқан 26 ақын арнайы ақшалай сыйлықпен және дипломмен марапатталды. Ал



ынталандыру сыйлығы үш ақынға: Ақсу ауданынан қатысқан Раушан Нұршабековаға, Текелі қаласынан Қыдыр Байдүйсенов пен Владимир Поляковқа берілді. Талдықорған қаласынан Кенжехан Рақыш, Қарасай ауданынан Шашубай Малдыбаев,

Панфилов ауданынан Ислам-Ғали Үркімбаев үшінші орын жүлдесін иеленді. Текелі қаласынан Светлана Кнуренко мен Алақол ауданының ардагер ақыны Тезекбай Садиев екінші орын жүлдесін алды. Бірінші орын жүлдесі сексеннің сенгіріне шыкса да, өлеңнің өзенін ағытып жүрген, Жетісудың ақыны, ардагер апамыз Гүлжауен Мұқаеваға бұйырды. Бас жүлдені Жамбыл ауданының ақыны Өмірбай Өмірзақұлы жеңіп алды.

Шынарғұл ОҒАШБАЙ, Алматы облысы, Суреттер: автордікі



оқып танысып, қорытындысын шығардық. Өлеңдердің көркемдік жасағына, мәдениетіне, мазмұнына, ізденістеріне, тартымдылығына шейін назар аударылды. Бұл жерде бір айта кететініміз, біздің ардагерлер осы залға ақын ретінде келіп отыр. «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы...» — деп Ұлы ақын Абай айтқандай, өздерінің көңілдерінің тереңінен толқып шыққан өлең-жырларын әкеліп отыр. Бұл мүшәйраға қатысқан ардагерлердің барлығы дерлік ілтипатсыз қалмайды. Білеміз, Сіздер айтулы ақын емессіздер, алайда ақынға жақынысыздар, өлең-жырдың қадірін білетін, түсінетін жандарсыздар. Сондықтан жалынды жыр жазған ардагер ақындарға алғыстан басқа айтарымыз жоқ», — делі.

Жүлделі орындарға ие болған ақындар сахнаға шығып, жүлде алған өлеңдерін оқып, арқа-жарқа болысты. Бас жүлдені қанжығасына байлаған Жамбыл ауданының ақыны **Өмірбай ӨМІРЗАҚҰЛЫ**:

— Таулар тұр, Жамбыл бар деп аласарып,
Қазаққа қалай біткен тамаша құт.

Жалғастырған екі ғасыр арасын, — деп бастаған өлең-жырын жатқа оқып, жиылған қауымның ыстық ықыласына бөленді. Сонымен қатар нәзік сезімге тұнып тұрған:

— *Сол шақтың күмбірлеген үні бөтен,
Ол әлде шат сезімнің гүлі ме екен.
Мен өзім кірбің алмай қабағыма,
Жаз болып дүниеден күліп өтем,* — деген жыр жолдарын оқып, өлеңсүйер қауымды таң-тамаша қылды. Ардагер ақындардың өлеңдерін тыңдай отырып, поэзияның шынайы лебі есті. Алақолдан келген ақын **Тезекбай САДИЕВ**:

— *Жаймын ба? Жайсаңмын ба?
Сұрамағын!
Өлеңім өзі айтады бұлақ әнін,
Табысқа қолы жеткен жас ғалымнан,
Таныдым ғасырмынның ұлы адамын,*

— десе, Қарасай ауданынан келген ақын **Шашубай МАЛДЫБАЕВ**:

— *Біле ме, жұрты Жамбылдың,
Жолбарысы болғанын.
Ақынға қонған ән-жырдың,
Киесі мен қорғанын.
Жас Жамбылға жолбарыс,
Періште болған деседі.*

Шара

«Бақытты балалық аумағы»



Дәстүрлі акция аясында өңірдегі алғашқы қайырымдылық шарасы облыс орталығындағы №14 мектеп-гимназияда өтті. Осы жерде қоғамдық штаб орналастырылды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, республикалық акцияда қамтылатын балалар саны жыл сайын ұлғайып келеді. Мәселен, өткен жылы Талдықорған қаласының өзінде ғана екі мың балаға колдау көрсетілсе, биылғы жылы үш жарым мың оқушыны қамту жоспарланып отыр. Қаланың барлық мектептерінде мектеп қажеттіліктері мен киім-кешектерін жинайтын орындар белгіленіп, акция туралы ақпараттық стендлер орнатылған, логотиптер ілінген. Қайырымдылық шараға кез келген адам қатыса алады. Акция 30 қыркүйекке дейін жалғасады.

Жыл сайын дәстүрге айналған республикалық «Мектепке жол» акциясы биыл да өз жұмысын бастады. Бұл қайырымдылық шарасы биыл 9-шы жыл өткізіліп жатыр. Осы жылдар ішінде қажетті мектеп қажеттіліктерімен және мектеп киім-кешектерімен жүз мыңдаған бала қамтамасыз етілді. Биылғы жылы акция «Бақытты балалық аумағы» ұранымен Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналып отыр.



Сондай-ақ аймақта 3 тамыздан бастап мектепке қажетті заттарды саудалайтын мектеп жәрменкелері жұмысын бастады. Олар жергілікті халыққа нарық бағасынан сәл төмен бағада тауар ұсынады.

САЯХАТШЫ ПІКІРІ

Киіз басу өнері шарықтау шегіне орта ғасырдан бұрын жеткен. Француз саяхатшысы Гильом де Рубрук қаңлы-қыпшақ жерінен өтіп бара жатып, олардың үйлерін тек ақ киізбен жабатынын, киізді жарқырап тұруы үшін әкті немесе сүйектің ұнтағын пайдаланатынын жазған. Саяхатшы сол жазбасында көшпенділердің киіз өңдеу мәдениеті аса жоғары деңгейде болғанын тамсана айтады.



Қолөнер – қазақ салт-дәстүрінің қайнар көзі. Көшпенді баласының «шыр» етіп өмірге келіп, қартайғанға дейінгі бүкіл ғұмыры – салт-дәстүрдің мәйегі. Шілдехана, Бесік той – ағаш шеберімен қатысты. Тұсаукесер – киіз бен темірші ұсталардың өнеріне тәуелді. Қыз баланың ұзатылу тойы, келін түсіру – қазақ әйелдерінің қолөнерінсіз өтпеген. Сондықтан, халқымыздың салт-дәстүрін ХХІ ғасырға жеткізіп отырғандары – ағаштан ою оятын, темірден түйін түйетін, күміс соғып, қола балқытатын, киіз басып, қамшы өретін ұсталар мен шеберлер. Бұл – бұлағымайтын ақпарат.

Киіз басу өнері



КИІЗ БАСУҒА ҚАЖЕТТІ ЗАТТАР:

- Киіз басуға желсіз ашық түн таңдалады;
- Малдың күзем жүні қажет;
- 4-6 канат ақ ши дайындалады. Ерекше жағдайда 9-10 канат ши қажет;
- Шабактайтын сабау;
- Қайнаған су;
- Жүн шабактайтын, жүн тартатын 5-6 әйел, шиге орап ыспайтын, білектейтін 5-6 адам;
- Буатын арқан және тізгін жіп немесе бір дана бакан не сырық.

САБАҚТАСТЫҒЫ

КИІЗДЕН ЖАСАЛАТЫН БҰЙЫМДАР

КИІЗ БАСУ ҮРДІСІ

КИІЗДІ САБАУ ӘДІСІ



Кез келген өнер ұстаздан шәкіртке, атадан балаға жалғасады. Өнерді өлтірмейтін дүние – осы сабақтастық. Киіз басудың алдындағы дайындақтан бастап, жүн сабау, тұту сияқты жұмыс кезінде әжесі немерелеріне, енесі келіндеріне бәрін көрсетіп, үйретіп отырған. Жастың көңілі жүйрік. Тез қағып алады. Тек өнерді сүйетін жүрек болса жеткілікті.

Қазақтың жері қандай кең болса, өнері де бай. Бұрын жолаушының астындағы аттың әбзеліне, үстіндегі киімнің өрнегіне, басындағы қалпағына карап, қай рудың, қай елдің адамы екенін жазбай таныған. Өйткені, әр елдің, әр өңірдің өзіне тән аймақтық ерекшелігі болды. Киіз, текемет басу өнерінде де өңірлік ерекшелік айқын көрініп тұрады. Ерекшелік табиғатына қарай бөлінеді. Жасыл-желегі мол аймақтың ою-өрнегі ашық түсті, гүлді-өрнекті келеді. Ал құмды аймақта сұр түс пен ұсақ өрнек басым.



Киіз басу – қазақтың баспа өнері деп аталатын қолөнеріндегі ең көне және кең таралған кәсіп. Өйткені, киіздің қазақ тұрмысында қолданылмайтын жері жоқ. Алты канат ақбоз үйден бастап, аталарымыздың киіз қалпағына дейін – бәрі шиге оралып, талдырмамен істелетін жұмыс.

Қазақ киізді қазақ үйдің жабулары үшін, текемет не сырмақ ретінде төсеу немесе тұсқа ілу үшін және киіз кебенек, киіз қалпақ, байпақ, кесекап, шөйнеккап, кірқап, сандыққап, жер жастық, асмаддық, тоқым, жабу жасауда қолданған.



Бұрын тәжірибелі әйелдер жүн сабап, оны шиге орап жатса, жас қыздар бау есіп, қарулы келіншектер киіз пісіретін. Оны білектейтін болған. Алайда әр киіздің өзіне тән басу заңдылығы болады. Текемет пен сырмақты басу бір-біріне ұқсамайды.

Киіз басуға көбіне қойдың күзем жүні мен қозы жүні пайдаланылады.




Киізді сабау жақсы жүн түрін таңдап алып, оны тазалаудан басталады. Тазаламас бұрын жүнді күн көзіне екі-үш сағатқа жайып алған жөн, сонда сабау оңайға түседі. Жүнді тулақ үстінде, кең аулада сабау керек, себебі жүн лас әрі қоқымды болып келеді. Көбіне жүнді сабауға төрт адам қатысады. Олар жүн үлбіреп, біріккені жазылғанға дейін сабауды тоқтатпайды. Сабау таяғы жыңғыл немесе ыргайдан жасалынады.

Шуда жіппен байластырылған алты құлаш ши алынады. Ыңғайына қарай шидің бір шетінен бастап жүнді тегістеп жайып, ыстық су бүркү арқылы орап отырады. Кейін қолдары жұмыр кісілер білектейді.

Орауды жазған соң, қайтадан біркелкі етіп ыстық су шашады. Киіз әбден суға қанықты деген кезде оны қайта орап, екі шетін тұйықтап, бес жерінен нығыздап байлап тастайды. Арқанды шидің әр жерінен айкастыра өткізіп, бірнеше адам карама-қарсы тұрып, арқанды әрлі-берлі тарта жүріп, жүн бірігіп, қатайғанша тебуді тоқтатпайды. Тебу үрдісі ши сыртына жүн қылшықтары шыққанға дейін, яғни 2-3 сағатқа созылуы мүмкін. Киіз қаншалықты көп тебілсе, соғұрлым ширақ болады.



Көз тоймас Көлсай



Суреттерді түсірген Галия ҚАЛИЕВА

Директор – Бас редактор Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алкасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың бірінші орынбасары

Мендолла ШАМУРАТОВ Бас редактордың орынбасары – Астана қаласы өкілдігінің жетекшісі

Ғалия ҚАЛИЕВА

компьютер орталығының жетекшісі

Бөлім редакторлары:

Марат МАМАНБАЙ – қоғам және әлеумет

Мақпал НОҒАЙБАЕВА – өнер және руханият

Руслан ДОСТАЕВ – арнаулы тілші

Кәмшат ТӨЛЕШОВА – терімші

Мехмет СЕМЕРЖИ – фототілші

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДІЛОВ – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Шынарғұл ОНАШБАЙ – Алматы облысы (8 701 503 02 76)

Асқар АҚТІЛЕУ – Ақтөбе облысы (8 778 523 44 96)

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ – Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22)

Мұхтар ШЕРІМ – Оңтүстік Қазақстан облысы (8 701 428 21 08)

Айхан БАШТАШ – Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй (Абай даңғылының қиылысы)
Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68
Бухгалтерия: тел. факс: 8(727) 394-39-67
(жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс – №2111;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы – 45 000 дана

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралының есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарсын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, соңдай-ақ «AirAstana», «Etihad Air ways», «Turkish Airlines», «BIM», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.